


3

Күріш өндірісі:  
Сапалы сорт және  
ендігі міндет



6

Жер қойнауынан  
қазына іздеген



# Сыр бойы

№48-49 (21123-21124) 4 сәуір, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy\_kz

t.me/syrboy\_kz

twitter.com/syrboy

/// БІЛІМ

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ҚАЙТА ҚАРАЛАДЫ

Отандық жоғары білім беру жүйесі жаңғыру алдында тұр. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жүйеге ауқымды өзгерістер енгізілетінін, оқу бағдарламалары қайта қаралатынын атап өтті. Бұл бастама білім беру сапасын арттыру бағытында қолға алынып отыр.

Еліміздің еңбек нарығына терең талдау жасап, алдағы ондаған жылда пайда болатын немесе тұрақты сұранысқа ие болып қалатын мамандықтарды айқындауға мүмкіндік берген «Жаңа мамандықтар атласы» жобасы тәмам. Өңірлерге қандай мамандар қажет, ол жағы белгілі. Министр соған байланысты 8 мыңнан астам білім беру бағдарламасы қайта қаралып, 700 шақтысы жабылатынын мәлімдеді.

— 73 мыңға жуық кәсіпорынға сауалнама жүргізілді. Соның нәтижесінде әр өңір мен сала бойынша кадрларға қажеттілік анықталды. Енді білім беру мазмұны осы деректерге сәйкес жаңартылады. Сонымен қатар инженерлік білім беру жүйесіне өзгерістер енгізіледі. Инженер мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындары практикалық оқытуға көшеді. Мысалы, Атырау мұнай және газ университетінде студенттер өндірісте тәжірибеден өтіп, нақты жұмыс үдерісіне қатысады, — деді министр.

Отандық кәсіпорындарды қамтыған сауалнама қорытындысы шұғыл шешуді талап ететін бірқатар жүйелі проблема барын көрсеткен. Оларды Премьер-министрдің орынбасары-Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева атап айтты. Біріншісі жасқа байланысты. Кәсіпорындарда негізінен 40-59 жас аралығындағы қызметкерлер еңбек етеді. Бұдан алдағы уақытта экономиканың негізгі салаларында білікті мамандар тапшылығы сезілетінін байқау қиын емес. Келесі мәселе — кадр даярлау жүйесіндегі сәйкессіздік. Бір сөзбен айтқанда, сұранысқа ұсыныс сай емес.

— Мысалы, Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы саласына 800 маман қажет болса, білім беру жүйесі бұл сұранысты толық қамтамасыз ете алмай отыр. Ал Қарағанды облысында 351 IT вакансияға 2500-ден астам студент дайындалып жатыр. Үшіншіден, білім беру жүйесінде шамадан тыс академизм, сондай-ақ білім беру бағдарламаларының қайталануы байқалады. Қазіргі кезде жоғары оқу орындарында экономика бағыты бойынша 142, құқықтану бойынша 115 білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Көп жағдайда мұндай бағдарламалар бір оқу орнының өз ішінде де қайталанып отыр, — деді Аида Балаева.

Сондай-ақ А.Балаева әріптесі «жабылады» деп мәлімдеген бағдарламалардың орнына AI and Data, биоинжиниринг, Smart Agriculture және Ed-Tech секілді бағыттарды қамтитын 21 басым бағыт іске қосылатынын жеткізді. 35 бағыт бойынша білім беру бағдарламалары жаң-жақты жаңғыртудан өтіп, тәжірибеге бағдарланған оқытуға басымдық беріледі.

— ЮНЕСКО ұсынысына сәйкес, work-based learning, яғни жұмыс орнында оқыту үлесі бакалавриатта 25%-ға дейін, ал магистратурада 40%-ға дейін жеткізіледі. Бұл — кадр даярлау сапасын жаңа деңгейге көтеретін түбегейлі өзгеріс. Мемлекеттік гранттар енді өңірлердің нақты экономикасының қажеттіліктерімен тікелей байланысты болады, — деді министр.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

## «ҚЫЗЫЛОРДА АРЕНА»: СЫР СПОРТЫНЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ



Кейінгі жылдары келбетті ғимараты көбейген облыс орталығы өзімізді ғана емес, келген көп қонақтың көз қуанышына айналғандай. Шаһардағы мұндай жаңашылдыққа жұрт риза. Тұрғындарға ең керекті құрылысты жүргізген жергілікті билік алдымен білім ордаларын, емхана мен медициналық орталықтарды тұрғызуда. Сондай-ақ мәдени ошақтар, алып стадион мен демалыс орындары, қысқасы, сан түрлі нысан сапалы салынуымен қуанып тұр. Ал осының ішінде Сұлтан Бейбарыс көшесі бойындағы тағы бір үлкен құрылыстың жөні бөлек.

Оның құрылысы былтыр жазда басталды. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының тапсырысымен салынып жатқан «Қызылорда Арена» көп-функционалды спорт кешенінің құны — 20 млрд тенге.

Қазір бас мердігер «Asran Holdings» ЖШС 2,1 гектар жерді арнайы қоршауға алған. Құрылыс басы қызу еңбек. Мұнаралы кран тұмсығы әрлі-берлі қозғалып, жоғары қабатқа қажеттіні көтеруде. Қауіпсіздік басқармасы киген құрылысшылардың біртөбесі бағандардың арматураларын тоқтаса, енді біртөбесі төменгі қабаттың қабырға бөліктерін өріп жатыр. 9 блоктан тұратын спорт кешенінің кейбір

аумағы ауыр металл бөліктерінен де құрастырылуда.

— Ғимараттың құрылыс-монтаждау жұмыстарын жыл соңына дейін толық аяқтап, ел игілігіне табыстау жоспарлануда. Ал спорт кешенінің ішін айтар болсақ, алдымен олимпиадалық стандарттарға сай бассейн қарастырылған. Одан бөлек, кіші футбол залы, баскетбол, волейбол алаңдары бар. 150 орынға арналған конференц-зал да болады. Нысанның жалпы қуаттылығы 2252 орынға арналған, — дейді облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының бөлім басшысы Қуандық Іскендір.

Оның сөзінше, аталған жобадарға негізгі мақсат — аймақта заманауи

спорт инфрақұрылымын құру, яғни ғимаратта түрлі деңгейдегі республикалық және халықаралық ауқымды іс-шараларды өткізуге болады. Бұл — өңірдегі азаматтардың спорттық дайындық деңгейін арттыруға, түрлі жарыстар өткізуге және бұқаралық спортты дамытуға үлкен қолдау.

— Қазір құрылыс алаңында қарқынды жұмыс тоқтаған жоқ. Нысан басында 200-ден аса адам жұмыс істейді. Қажетті техника күші мен құрылыс материалдары толық жеткілікті. Жалпы жоспар бойынша жұмыстың 60 пайызға жуығы аяқталды. Бүгінде монолитті колонналары мен ригельдерін құйып, қажетті бөліктеріне кірпіш қаланып

жатыр. Сонымен қатар, металл құрылымдары орнатылуда, қосымша әрлеу жұмыстары мен ішкі инженерлік жүйелері де жүргізілуде, — дейді мердігер мекеменің жоба жетекшісі Қайрат Есенкелдіұлы.

Ал көпфункционалды кешеннің сыртқы электрмен жабдықтау, жылу, ауызсу мен кәріз желілері, байланыс жүйелері бойынша жұмыстардың 90 пайызы біткен. Модульдік-трансформаторлық қосалқы станцияларды, дизельдік генератор қондырғысы және модульдік қазандықты орнату жұмыстары да аяқталған.

Ержан ҚОЖАС,  
«Сыр бойы»

Суреттерді түсірген  
Нұрболат НУРЖАУБАЙ



/// МЕЗГІЛ

## ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ

Бірер күн бұрын жылу беру маусымы аяқталды. Ауа райы қолайлы болған соң қалада 1 сәуірде, Арал, Жаңақорған, Қармақшы, Жалағаш, Сырдарияда одан кейін тоқтатылды, қалған аудандарда 5 сәуірде аяқталмақ. Жауапты маусымда барлық әлеуметтік нысан мен орталық жылуға қосылған көпқабатты тұрғын үйлер үздіксіз қамтамасыз етілген. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Тахир Нәдірбектің айтуынша, кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс істеді.

— Жылу сыртқы ауа температурасына сәйкес берілді. Қазір желілер мен жылу энергия көздерінің қазандықтарына температуралық және гидравликалық сынақтар жүргізілуде. Алдағы 2026-2027 жылғы жылу беру маусымына кәсіпорының негізгі және қосалқы қондырғыларын жөндеу кестесі әзірленді. Бұдан басқа «Акса Энерджи» түрік компаниясы жаңа жылу-электр

орталығын салып, 176 МВт электр энергиясын өндіруде. Қуаттылығы 45 МВт-тық 4 су жылыту қазандығы қосылды. Станцияны толығымен іске қосу мамыр айына жоспарланған. Бұл облысты толығымен электр энергиясымен қамтамасыз етіп, өндірісті дамытуға тын серпін береді, — дейді басқарма басшысының міндетін атқарушы.

2-бет

Валюта бағамы \$ 472,31 kzt

€ 543,72 kzt

₸ 5,86 kzt

Ауа райы:

Сенбі

+20°

+12°

Жексенбі

+22°

+14°

## ЖАСТАР БАСТАМАЛАРЫНА ЖОЛ АШЫҚ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов өңірдегі жас мемлекеттік қызметшілермен кездесті.

Аймақ басшысы жастар саясатын қолдау бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

– Президентіміздің басшылығымен, қоғамның белсенді қолдауымен жазылған жана Ата Заңымыз жалпыхалықтық референдумда қабылдан-



ды. Мемлекет басшысының Әділетті, Қуатты әрі Таза Қазақстанды құру жолындағы барлық бастамаларын Сыр жұртшылығы, оның ішінде жастарымыз әрдайым қолдайды.

Еліміздегі ауқымды реформаларды іске асыруда жастарға айрықша көңіл бөлініп, жан-жақты қолдау көрсетілуде. Бүгінде аймақ халқының 30%-н жастар құрайды. Өткен жылы жастар саясатын дамытуға және қолдауға жергілікті бюджеттен 2 млрд 105 млн теңге бөлінді. «Сыр жастары» жеңілдетілген ипотекалық несие беру бағдарламасына бюджеттен 1 млрд 200 млн теңге, «Отбасы банктен» 500 млн теңге қаралған. Бағдарлама аясында 2023 жылдан бері жыл сайын 100 жас отбасыға тұрғын үй беріліп келеді. Олардың арасында жас мемлекеттік қызметшілер де бар. Жастар бастамалары мен жобаларын қолдап,

жүзеге асыру үшін 310 млн теңгеден астам қаржы бөлінді, – деді аймақ басшысы.

Кездесуде Жақып Асанов жас мемлекеттік қызметшілермен маңызды мәселелер жайында пікір алмасты. Тың бастамалар мен ұсыныстарын тыңдап, өз ойын бөлісті.

Айта кетейік, бүгінде облыста 3300-ден астам мемлекеттік қызметші еңбек етсе, 430-дан астамы жас мемлекеттік қызметшілер, 58-і басшылық лауазымдарда жас басқарушылардың пулын қалыптастырып келеді.

Өңірлік кадр резервшілері арасынан 14 жас маман мемлекеттік қызметке қабылданды. Білімді жастардың мемлекеттік қызметке орналасу талаптары жеңілдеп, жоғары оқу орнын үздік бітірген 18 түлек аудандық, ауылдық жерлердегі лауазымдарға конкурстық тағайындалды.



ТАҒАЙЫНДАУ

## ДЕПАРТАМЕНТ БАСШЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Онда ҚР Президенті Әкімшілігінің, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімдері негізінде, Әділет министрлігінің бұйрығымен облыстық әділет департаментінің басшысы болып тағайындалған Әлмеш Бауқен Серікұлы таныстырылды.

Облыс әкімі жана басшының қызметіне сәттілік тілеп, нотариалдық, адвокаттық, заң кеңесшілері қызметінің нәтижелілігін арттыру, құқықтық

түсіндіру жұмыстарын жандандыруға қатысты міндеттерді айқындалды.

– Әділет министрлігімен өзара байланысты күшейтіп, өңірмізде нормативтік-құқықтық актілерді тіркеу және сараптау жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Азаматтарымызға құқықтық қолдау көрсетуді, зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды тапсырамын, – деді аймақ басшысы.

Бауқен Серікұлы 1991 жылы Түркістан облысында дүниеге келген. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолын 2009 жылы Түркістан облыстық әділет департаментінде бастаған. Әр жылдары аталған департаментке қарасты Шымкент қалалық, Төлеби, Сарыағаш, Сайрам, Ордабасы аудандық әділет басқармаларында жауапты қызметтер атқарған. 2017-2023 жылдары Алматы облысы Ескелді аудандық әділет басқармасының басшысы, Қызылорда облыстық әділет департаменті басшысының орынбасары болған.

2023 жылдан бері Ақмола облыстық әділет департаментінің басшысы лауазымында қызмет еткен.



Суреттегі түсіріп: Баһадір ЕСЖАНОВ

## ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев еңбек ардагерлері Сайлаубай Өбішевті 80, Салхадин Мырзабекөкті 70 жас мерейтойымен құттықтап, құрмет көрсетті.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әділетті Қазақстанда еңбек адамына ерекше құрмет көрсетілуге тиіс. Еңбек адамдары – еліміз бен мемлекетіміздің тірегі» деген болатын.

Сыр өңірінде адал қызмет атқарып, саналы ғұмырын аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына арнаған, елдің қошеметіне бөленген азаматтарды ардақтауды дәстүрге айналдырдық.

Бүгінгі ресми жиынымыз өнегелі істердің ұйытқысы болған, жұртшылыққа етене таныс Өбішев Сайлаубай Өбішұлы ағамыздың 80 жасқа, Мырзабекөв Салхадин Мырзабекұлы ағамыздың 70 жасқа толған мерейтойына арналады. Сіздердің жылдар

бойы туған өлкенің игілігі жолында атқарған еңбектеріңіз, адал қызметтеріңіз шынайы құрметке лайық.

Сыр жұртшылығы аймақтың дамуына зор үлес қосқан өздеріңіздей жерлерімізмен мақтанады. Тілеулес, акадал ниетті азаматтардың атынан бүгінгі мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз! – деді облыс әкімі.

Жиында облыс әкімі мерейтой иелеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен Алғыс хат табыстап, дәстүрге сай құрмет көрсетті. Ел ағалары Дайрабай Ысқақов, Бекмырза Еламанов, Биғали Қаюпов сөз сөйлеп, ізгі тілек білдірді.

Сайлаубай Өбішұлы еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, кейін комсомол органдарында, Шиелі ауданында басшылық қызметтер атқарған. Әр жылдары колхоз төрағасы, совхоз директоры, аудандық бөлім басшысы және «Білім жабдық» мекемесінің дирек-

торы қызметтерінде болған. Қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласып, партия құрылымдарында 20 жылға жуық еңбек етті, 8 шақырылым бойы аудандық кеңес депутаты болып сайланған.

Салхадин Мырзабекұлы еңбек жолын 1973 жылы жұмысшы болып бастап, кейін бас экономист, аудан әкімінің орынбасары, салық комитетінің төрағасы, кеншар директоры қызметтерін атқарған. 1996-1999 жылдары Жаңақорған ауданының әкімі ретінде өңірдің дамуына үлес қосты. Экономика ғылымдарының кандидаты, ауыл шаруашылығы саласында ғылыми зерттеулер жүргізген. Жиырма жылдан астам әлеуметтік қорғау саласында еңбек етіп, облыстық департаменттерді және мемлекеттік зейнетақы төлеу орталығының өңірлік филиалын басқарды.

«СБ» ақпарат

### «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшылығының 2026 жылдың II тоқсанына азаматтарды жеке қабылдау кестесі

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның аты-жөні	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күндері	Азаматтарды қабылдау уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері, қабылдау бөлмесі	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Жанабаев Ғабит Жұмабекұлы	Басқарма басшысы	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 А бөлме	401191 (ішкі номер 7602)
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Мыңбаев Азамат Амантайұлы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 201 Б бөлме	401191 (ішкі номер 7603)
Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	Даулетбаева Жанар Жұмабекқызы	Басқарма басшысының орынбасары	Дүйсенбі Сейсенбі Сәрсенбі Бейсенбі Жұма	09:00-13:00, 15:00-19:00.	Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі №47 № 210 А бөлме	401191 (ішкі номер 7604)

#### СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасында (8-7242) 27-02-06 «сенім телефоны» жұмыс жасайды.

«Қызылорда облысы бойынша 2026 жылғы II тоқсанға кедейлік шегінің мөлшері 41 642 теңгені құрайды».

### «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

№	А.Т.Ә	Лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Ибадулла Сабит Ибадуллаұлы	Басқарма басшысы	Бейсенбі 16.00-18.00	Қызылорда қ. Бейбарыс Сұлтан к-сі, құрылыс 1	60-55-90

## ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ АЯҚТАЛДЫ

Бүгінде электр станцияларындағы технологиялық бұзылулар 57 пайызға төмендеген. Энергетика министрлігі атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің облыстық департамент басшысының міндетін атқарушы Тұрарбек Бадаевтің айтуынша, күзгі-қысқы кезең тұрақты, штаттық режимде өткен. Тұтынушылар электр және жылу энергиясымен толық қамтамасыз етілген. Электр станциялары жүйелік оператор бекіткен режимге сәйкес жұмыс жасауда.

– Өткен жылы энергетикалық кәсіпорындардағы жөндеу жұмысы белгіленген мерзімде аяқталды. Электр станцияларындағы технологиялық бұзылулар 57%-ға, электр желілерінде 5,5%-ға төмендеді. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау комитеті әкімдіктермен, KEGOC, «Қазақстан теміржолы», QazaqGaz акционерлік қоғамдарымен, көмір өндіруші және энергетикалық кәсіпорындармен салалық секторлық кеңестер өткізуде, – деді ол.



таңда жылу жүйелерінің тозу көрсеткіші 40, нормативтік жылу ысыраптары 13,1 пайыз.

Қызылорда қаласындағы тозған желілерді азайту және жүйені сенімді әрі тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін кәсіпорын өз қаражаты есебінен 31 млн теңге көлемінде қаржы қарастырып, ұзындығы 4,3 шақырым, диаметрі 57-325 мм аралығындағы квартал-шілік жылу желілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

Марал ишан көшесі бойындағы жерүсті жылу желісі жер астына ауыстырылады. Бұдан бөлек, жоспар бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен Қаржаубаев көшесіндегі №3 айдау-сорғы станциясы қайта жаңғыртылмақ. Жоспарланған жұмыстар іске асса, қаладағы тозған желілер бұрынғыдан да азады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»



Аудан жаңалықтары

ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП

Қала тазалығын сақтау – баршаға ортақ іс. Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қала аумағын аралап, құрылыс пен тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген орындарға тастау, абаттандыру қағидаларын бұзу фактілеріне назар аударды.

Бірлескен рейд барысында кәсіпкерлерге, тұрғындарға түсіндірме жүргізілді. Айта кету қажет, рұқсат етілмеген, арнайы белгіленбеген орындарға қоқыс төгу, құрылыс материалдарын көше бойына қою, абаттандыру қағидаларын бұзу фактілері анықталған жағдайда «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексінің 505-бабына сәйкес шара қолданылады.

ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев Ақбасты ауылының тұрғындарымен кездесті.

Кездесуде тұрғындар жер шалғайлығына қарамастан, сапалы ауызсу жеткізуге күш салған азаматтарға алғыс білдірді. Сондай-ақ мобильді интернетпен қамту, жол мәселелері де талқыланды.

Аудан әкімі мәселелердің барлығынан хабардар екенін айтып, ауылдағы ағайынның өтініштерін әрқашан назарда ұстайтынын, мүмкіндіктер шеңберінде шешім қабылдайтынын жеткізді.

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов аудандық мәслихат төрағасы Ғазиз Әліпшев бірге «Қарлан» көпірін, Қожабақы ауылындағы спорт кешенін және «Қазалы – Қожабақы – Бозкөл – Кәукей» аудандық маңызды бар автомобиль жолының 32,1 шақырымдағы темірбетон көпірді күрделі жөндеу жұмыстарының сапасын бақылады.

Мердігер мекемелерге құрылыс сапасы мен мерзімін қатаң бақылауда ұстауды тапсырып, тұрғындар үшін маңызды жобаларды уақытылы әрі сапалы аяқтаудың маңыздылығын ескертті.

ТӨРЕБАЙ БИ АУЫЛЫНА ГАЗ КЕЛЕДІ

Аудан әкімі Жандос Еркінбектің қатысуымен Жосалы ауылдық округін табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстарының басталуына орай салтанатты шара өтті.

Жиында сөз алған аудан әкімі бұл жобаның ауыл тұрғындары үшін маңыздылығын атап өтіп, азаматтарды көптен күткен қуанышымен құттықтады.

Төребай би ауылын газдандыру жобасына республикалық бюджеттен 497 млн теңге бөлініп отыр. Жоба аясында 21 шақырымнан астам газ құбыры тартылып, елді мекен тұрғындары жылу беру маусымына дейін табиғи газ игілігін көреді.

КОМИССИЯЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстворалық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссиялардың бірлескен отырысы өтті.

Күн тәртібіне сәйкес, аудан аумағында көше қылмыстарының және құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары кеңінен талқыланып, жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктелді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда жүзеге асырылып жатқан жұмыстар қаралды.

БӨЛІМ БАСШЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты мәжілісте аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшысы қызметіне тағайындалған Алияр Шаменов таныстырылды.

Алияр Әліпбайұлы әр жылдары аудан, облыс көлемінде түрлі қызмет атқарған. 2024 жылдан бері Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бөлім басшысы қызметін атқарып келді.

«САМАРА – ШЫМКЕНТ – ЕҢБЕКШІ» ЖОЛЫ ЖӨНДЕЛУДЕ

Аудан әкімі Айтбай Жандарбеков «Самара–Шымкент–Еңбекші» автомобиль жолын күрделі жөндеу жұмыстары барысымен танысты.

Бұл – аудан тұрғындары үшін маңызды көлік қатынасы желісінің бірі. Қазіргі уақытта 4,3 шақырымы «Гезуба Шиелі цемент компаниясы» ЖШС-ның демеушілігі есебінен жөндеуде. Жоба аясында жол төсемін толық жаңарту, сапалы асфальт жабындысын төсеу, жол жиегін ретке келтіру және қауіпсіздік талаптарына сай белгілер орнату жұмыстары жүргізіледі.

ТАБИҒАТ ТАЗАЛЫҒЫНА ҮЛЕС ҚОСТЫ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Жаңақорған ауданының ерікті жастары Ақуік ауылдық округінің таулы демалыс аймағы мен су қоймасы маңында кең көлемді тазалық жұмыстарын жүргізді.

Ігі бастаманың басты мақсаты – табиғатты аялау мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаның тазалығын сақтау және жазғы демалыс маусымында келетін қонақтарға жайлы әрі таза орта ұсыну.

Тазалық акциясына 100-ге жуық белсенді қатысып, нәтижесінде 5 тоннаға жуық қоқыс арнайы орындарға жеткізілді.

Дайындаған  
Айнұр БАТТАЛОВА,  
«Сыр бойы»

ХАБАРЛАМА

«Қызылорда облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабының 3, 4, 5, 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес 2026 жылдың 10 сәуірінен бастап 20 жұмыс күні ішінде Қызылорда облысында Жалағаш және Сырдария аудандарында «Орман қоры жері санатынан орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттардағы жерге ауыстыру» жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында сайттыңда (Ecoportal.kz) танысуға болады.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

/// ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

КҮРІШ ӨНДІРІСІ: САПАЛЫ СОРТ ЖӘНЕ ЕНДІГІ МІНДЕТ

Сыр өңірінде агроөнеркәсіп саласын дамыту қашанда өзектілігін жойған емес. Өсіресе, аймақтың басты дақылы – күріш шаруашылығында көптеген проблема кездеседі. Олардың қатарында сорт жаңарту, су тапшылығы, жер құнарын сақтау және өзге де өзекті мәселелер бар. Ал ғылымның күші қандай? Техника ғылымдарының докторы, АШҒА академигі Серікбай Өмірзақовпен есі тұрғыда әңгіме өрбіген еді.



– Өзіңіз білетіндей, қазір аймақта егіліп жүрген күріш сорттарының басым бөлігі шетелден жеткізілген. Жергілікті ғалымдар тың ізденіс жасап, жаңа сорттарды шығарғанын да білеміз. Алайда олардың өндіріске енгізілуі неге кемшіні? Жергілікті сорттарды көбейтуге не кедергі болып жүр?

– Қай кезде де қызылордалық ғалымдар жаңа сорттар шығару мәселесін ұмыт қалдырған жоқ. Ауылдағы егіншілер ұзақ жылдар бойы «Маржан» сортынан мол өнімге негіз қалады. Рас, қазір ол түрлі себеппен егілмейді. Ендігі кезекте халықтың сұранысын толық қанағаттандыра алатын сорт шығару мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр.

Алдымен күріш шаруашылығын таза тұқыммен қамтамасыз ету мәселесіне тоқтала кетелік. Бүгінде күріш тұқымында қызыл дәннің көп болуы байқалады. Оған қоса сорттар бойынша жоғары репродукциялы тұқымның жетіспеушілігі өзекті проблемаға айналды. Бұл жағдай қалай қалыптасты? Оны қалай жолға қоюға болады? 2006 жылға дейін өңірде күріштің небәрі 2-3 сорты егілді. Жаңа өзім айтқан «Маржан» сорты жалпы көлемнің 90 пайызына жуығын иеленді. Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институты мен «Түгіскен» тәжірибе шаруашылығы бірегей және элиталық деңгейдегі түрлерін дайындап келе, «Тан», «III Интернационал», «Ақсу» ауылдары мамандандырылған тұқым шаруашылығы ретінде қызмет атқарды. Нәтижесінде мол өнімге негіз қаланып, диканның шаруасы оналды.

Дегенмен, салғырттық салдарынан көп жылдан бері қалыптасқан жүйені бұзып алғанымыз жасырын емес. Кейбір азаматтар Ресейдің Краснодар өлкесінен жеткізілген «Янтарь», «Лидер», «Новатор» секілді сорттарды өндіріске енгізіп жіберді. Кейінгі жылдары олардың қатарына «Анант», «Фишт», «Диамант» сорттары қосылды.

Ашығын айта кетейік, алғашқы жылдары интродукциялық сорттар жаңа аймақта потенциалды мүмкіндігін жаксы көрсетеді. Сол себепті елдегілер оған ерекше ден қоя бастады. Алайда бұл сорттар Ресейдің өзінде көп егілмегенін білеміз. Салдарынан жоғары репродукциялы тұқым аз дайындалған. Осының байланысты біздің шаруашылықтарда қызыл дән өте көп төменгі репродукциялы тұқымды егуге жол берілді. Ол күріштің қызыл дәнмен ластануына қоймай, пирикулярноздың бұрын болмаған түрлерінің кеңінен таралуына әкелді. Сол кезеңде күріш институтының материалдық-техникалық базасы өте төмен болғанын жасыра алмаймыз. Сондай-ақ Қарауылтөбе тәжірибе шаруашылығы институттан бөлек жұмыс істеді. Осындай себептермен «Маржан» сортының да тұқымы нашарлап кетті. Бұл ресейлік селекцияның өңірдің аграрлық саласына дендей енуіне жол ашты.

– Мұндай жағдай қазіргі күні де көптеп кездеседі...

– Мына бір дерекке көз жүгірте кеткеніміздің артықтығы болмас. 2014 жылы облыста күріштің оннан астам сорты егілді. Осының салдарынан сапалы тұқым өндіру мәселесі өзекті тақырыпқа айналды. 2003 жылы 8 ақпанда шыққан еліміздің «Тұқым шаруашылығы туралы» заңына сәйкес бұл жұмыстар төмендегі талаптар

бойынша жүргізілуі тиіс. Атап айтқанда, көбейту питомнигі суперэлита, элита, репродукциялы (I, II, III), тауарлы болуына назар аударады. Оны дайындаумен оригинатор тұқым өндіруші, элиталық және мамандандырылған тұқым шаруашылықтары айналысады. Оригинатор мекеме ретінде күріш институтына 3-4 сорттың бірегей тұқыммен бірге элиталық және жоғары репродукциялы тұқым өндіруге рұқсат берілген. Кейінгі жылдары өңірде сапалы тұқыммен қамтамасыз ету үшін нәтижелі істер жүзеге асып келеді.

Айта кетсек, ол үшін бірқатар жағдайды ескеруіміз қажет. Жалпы қызыл дән күріштен өзге дақылдарда кездеспейді. Ол III репродукциялы тұқымды пайдаланғанда нормадан тыс көбейіп кетеді. Сондықтан жоғары немесе кем дегенде II репродукциялы тұқымды пайдалану дұрыс. Сондай-ақ күріш егісі мен тұқымдық күріш егісінің көлемі бөлек есептелгені жөн.

– Қызылордалық дикандар үшін кейінгі жылдары су тапшылығы оңай болып тұрған жоқ. Бұл мәселеде қандай амал маңызды деп ойлайсыз?

– Бұл тек біздің өңірге тән жағдай емес. Дүние жүзінде жаһандық жылыну салдарынан климат өзгерісі көрініс беріп отыр. Ол су қорларының азаюына алып келеді. Дәл осындай су тапшылығы Орта Азия елдерінде байқалады. Қазір ғалымдар болжамына сүйенсек, ол 2040-2050 жылдарға дейін 25-30 пайызға дейін өседі. Сырдария өзенінің төменгі бөлігінде орналасқан Қызылорда облысы үшін бұл жағдай әрдайым өзектілігін жойған емес. Күріш суды өте көп қажет етеді, сондықтан біз бұл үшін іс-шара жоспарын жасағанымыз орынды. Оған суармалы егіншілікті бейімдеу – өте маңызды шаруа. Біз алдымен барлық ресурсты үнемді және тиімді пайдалану арқылы жоғары өнімге қол жеткізуге мән бергеніміз жөн.

Шаруашылықтар әрдайым ғылыми негізделген және нақты тәжірибе негізінде дөңделген егіншілік қағидаларын қатаң сақтауы қажет. Мәселен, топырақ құнарлығы, суару жүйелерінің мелиоративтік-экологиялық жағдайын жақсарту арқылы барынша мол өнімге қол жеткізуге болады. Өкінішке қарай, кейде дикандар егістік көлемін болжанған су көлеміне қарай жоспарлай бермейді. Сондай-ақ біз ендігі кезекте күріштің ерте пісетін сортын егуге мән бергеніміз дұрыс. Оған қоса агротехникалық шараларды уақытылы, сапалы, нормативті көрсеткішіне сай орындау, егін шаруашылығы мәселелерін техникалық талаптарға сай жүргізу – басты міндетіміз. Ал әртараптандыру үшін аймақтың табиғи, топырақ, климаттық жағдайына бейімділігі бар, экономикалық тиімді, күріш өндірісіндегі машина-трактор паркін қолдануға болатын, су тапшылығына шыдамды дақылдарды жан-жақты зерттеп, өндіріске енгізуіміз керек. Тағы бір ескеретін нәрсе – су үнемдеу технологиясын, есепке алу, басқаруды автоматтандыру, цифрландыру мәселелерін ғылыми және мемлекеттік деңгейде шешкеніміз орынды болады.

Бұл орайда кадр даярлау, біліктілігін арттыру, жас мамандарды ауыл шаруашылығына тарту үшін жағдай жасау және қызығушылығын арттыруды ескергеніміз дұрыс.

– Кейінгі жылдары күріш алқабын азайту мәселесі жиі көтеріліп келеді. Ол экологиялық тепе-теңдікті сақтауға қалай әсер етеді?

– Өте маңызды сұрақ. Арал теңізінің ахуалына байланысты бұл мәселе біздің өңір үшін өзектілігін жойған емес. Өйткені, біздің өңірде топырақтың тұздылығы, минерализация, жерасты суына қатысты проблема бар. Аралдың кеуіп қалған табанынан ұшқан тұз бен шанның қоршаған ортаға кері әсері аз емес. Ал Сырдария өзенінде су көлемінің азаюы, сапасының нашарлауы өңірдің экологиялық жағдайына біршама қиындық алып келеді.

Жалпы күріш – аймақтың әлеуметтік-экономикалық маңызды дақылы. Сондай-ақ оның маргиналды топырақты игеруде маңызды зор екенін жокқа шығара алмаймыз. Су мәселесіне байланысты күріш көлемін ғылыми түрде дәлелденген 65 мың гектардан төмендетуге болмайды. Мұндай олқылыққа жол берсек, суармалы және егіншілік жерлерге экологиялық тұрғыдан қауіп туындайды. Айта кетсек, магистральды және барлық деңгейдегі каналдар желісі күрішке қажетті су мөлшерін өткізуге еспеленген. Сондықтан аз суды пайдаланатын дақылдарды еккен жағдайда да каналдарды бірнеше мәрте суға толтырамыз. Себебі, онда деңгейлік басқару соған лайықталған. Демек бұл функционалды-технологиялық тұрғыдан мүмкін емес.

Күріш Жаңақорған мен Қазалы аудандарының арасындағы үлкен аймаққа орналасқан. Сондықтан оның экологиялық-мелиоративтік миссиясының маңызын ескеруіміз тиіс. Осының нәтижесінде күріштің аймақтың флора, фауна, тіршілік иелерінің қалыптасуына ықпалы зор екенін ұмытпау қажет. Қысқасы, ол – экологиялық тепе-теңдікті сақтаудағы бірден-бір фактор.

– Күріштің суды аз қажет ететін сорттарын шығару мүмкіндіктері не тәжірибе жұмыстары бар ма?

– Өлгінде айтқандай, жергілікті ғалымдар тың ізденіс жасап келеді. Судың жетіспеушілігі – күріш өндірісінде шешуші фактор. Өнімділікті көтеру бағытында кешенді іс-шараларды жүзеге асыруымыз керек. Күріш сорттарын шығару бір-екі жылдың бегінде жүзеге аса бермейді. Ол классикалық селекция арқылы 12-15 жылға дейін созылады. Десе де оны биотехнология жетістіктерін қолдану арқылы 6-7 жылға дейін қысқартуға мүмкіндік бар. Сыр өңірінің табиғи-климаттық жағдайында ерте және орташа ерте пісетін сорттарды егуге, кейбір жағдайда вегетациялық кезеңі 125-130 күнге созылатын сорттарын келуге жаратуға болады. Сондықтан дұрыс таңдау – өте маңызды.

Қазір нарық сұранысына сәйкес күріштің жаңа сорттарының моделі өзгеруде. Атап айтқанда, жоғары өнімді, ұзын дәнді, шынылығы жоғары, бүтін дән жармасы 70-75 пайызға құрайтын, дәмді, озу-жинау барысында дән шашылмайтын түрлеріне көңіл бөліне бастады. Оған қоса қоршаған орта әсеріне және ауруларға төзімді, экспорттық әлеуеті жоғары болуы тиіс. Күріш институтының ғалымдары көп жылдан бері соған сай келетін сорттарды шығарумен айналысып келеді. Өрине, қазірге дейін біздің тарапымыздан оннан астам сорт дайындалды. Дегенмен объективті және субъективті себептерге байланысты олардың көбісі өндіріске кеңінен тарай қойған жоқ. Ал кейінгі жылдары «Сыр сұлуы», «Айсара», «Ай-Керім» секілді сорттарға қызығушылық артуда. Алдағы уақытта өзге де жаңа сорттар өндіріске енгізіледі деген ойдамын. Сондай-ақ отандық және шетелдік сорттарды экологиялық сынау арқылы өндіріске ұсыну бағытында да ғылыми-зерттеу жұмыстары қолға алынған.

– Әртараптандыру мәселесіне қосар пікіріңіз қандай?

– Сыр дикандары ұзақ жылдан бері күріштен өзге де дақылдарға байланысты тәжірибе жинақтады. Олар негізінен бидай, арпа, жонышқа, асқабақ, қауын-қарбыз егу ісіне тән. Мәселен, жергілікті ғалымдар бірнеше жылдан бері қауынның «Жиеншар», «Балшекер», арпанын «Іңкер», «Қайсар», «Сыр аруы», түйежоңышқаның «Алаула» секілді сорттарының тиімділігіне көз жеткізіп үлгерді. Сондай-ақ олардың кейбірі еліміздің бірқатар өңіріне де кеңінен тарала бастады. Мұның өзі ғалымдарымыздың еңбегі деп айта аламын.

Сұхбаттасқан  
Әділжан ҮМБЕТ,  
«Сыр бойы»



Ашық дереккөздер негізінде дайындаған Б.Салмурза.

## /// СЕЙСЕН МҰХТАРҰЛЫ – 80

Жасыратыны жоқ, карт Қаратаудың етегін алып жатқан Жаңақорған ауданы ел мерейін көтеріп жүрген таланттылар мен танымал азаматтардың кенде емес. Әріден аласақ Сыр сұлейлерінің бірі Құлан ақын мен Әлшекей сынды күйшіден бастап, кешегі дүниеден өткен ақындар айтысының туын тіккен, биікке көтерген, Қазақстанның Халық ақыны Манап Көкенов пен белгілі әнші-сазгер Бексұлтан Байкөкеев, танымал қаламгерлер мемлекеттік сыйлықтың иегері Д.Досжан, Т.Нұрмағанбетов, Б.Сарбалаұлы, Б.Исаев, Б.Сейрікбаев, Ж.Қыдыров, республикамыздың Елтанба авторы Жандарбек Мәлібекулы, т.б. талантты өнер иелері осы Жаңақорған топырағында туып, осында түлеген, осыдан үлкен өнерге қадам басып, еліміздің айналасында әдеби, мәдени дүниелердің авторларына айналған.

Солардың қатарында туған елдің тынысы мен тіршілігін әдебиет атты үлкен арнаның кемерінде танытып, келе жатқан осы Сейсен болатын. Шынында да өзінің аз-кем шығармашылық жолында лабораториясының кілтін ашып, оқушымен етене сырласқысы келіп, соны мұрат, максат еткен сүйікті ақынымыз, талай дүниелер мен тарихи ғұмырнаамалық эсселердің авторы, үш бірдей шығармашылық Одақтың мүшесі Сейсен жайлы кезінде айнымас дос, бауыр, іні болған менде аз-кем сөз қозғап, көпшілікпен ой бөліскенді өзіме парыз санаймын.

Қазіргі қазақ ақын-жазушылары мен өнер зерттеушілерінің талантты өкілдерінің бірі – Сейсен Мұхтарұлы Кейден ауылында (26 бекет) теміржолшы отбасында 80 жыл бұрын дүниеге келген. Туған жердің сұлу табиғаты, Сырдың боямасыз тіршілік-тынысы балаң жүректі мазалап, өлең болып өрілсе, қылқаламның ізінде табиғаттың көрінісі белгі тастап қалып жатты. Ол да тобықтан топырақ кешіп Жетіөбеді бала-лақ шағын өткерді. Мектептен соң қиял жетегіне еріп, Алматыға жол тартты. Қазақтың қарашанырағы Мемлекеттік университеттің журналистика факультетін бітіріп, сонда еңбек жолын бастады.

Қай заманда, қай кезде болмасын, гүлденген мәдениеті бар, дамыған әдебиеті бар, өскен, өркендеген өнері бар елдің еңсесі әрқашанда биік, жоғары тұрады. Бұл бір жағынан осындай елдің адамдарының рухани жаң дүниесі бай болса, екінші жағынан ел мен елді жақындастырып, халық пен халықты бауырластырып жібереді. Алакөз ойдан құтқарып, халықтың қастерлі қасиетін танытып, елдің ертеңіне жол ашып, әдебиет әлемінің өміршеңдігін дәлелдейді.

Осындай қасиетті құбылыстарға жол ашатын әдебиет пен өнердің, проза мен ғылыми-ғұмырнаамалық еңбектің үш бірдей тізгінін қолынан жібермей ұстаған талантты, танымал ақын-жерлесіміз, өмірден ерте өткен Сейсен Мұхтарұлы. Ол бүгін біздің ойымызда, жыры жүрегімізде.

## ТАЛАНТҚА ТАҒЗЫМ ЕТКЕН ЖӨН

Шенді офицер ретінде екі жыл Бурят-Монголияда әскери қызметін өтеді. Одан соң Алматыдағы «Жалын» баспасында, он үш жылдай Қазақ Совет энциклопедиясында, оның «Өнер» бөлімінде аға редактор болып қызмет атқарды.

Расын айту керек, Сейсеннің өлеңге құлаш ұрып, әдебиетке ұмтылысы ерте басталды. Табиғат берген талантты оның көңілін мазалап, жүрегің тыныштығады. Содан бері ол ақын, өнер зерттеуші, әрі деректі жазушы ретінде өнімді еңбек етіп, оқушы талғамына лайық шығармалар беріп келді. Студент шақтан басталып, ең алғаш 1967 жылы «Бүлдіршін» деген атпен жарық көрген тұңғыш кітап, «Күм кешкен керуен» (1971 ж), «Қара шаңырақ» (1971 ж), «Саптағы сарбаз» (1974 ж), «Нұрлы жүрек» (1975 ж), «Тағы бір көктем» (1978 ж), «Күн желкен» (1990 ж), «Нұр-тоғыс» (1982 ж), «Суретшінің балалық шағы» (1996 ж), «Қорқыт ата» (1998 ж), «Кәмпеске» (1997 ж) деп аталатын өлеңдер мен поэмалар жинағына ұласып, бірінен соң бірі «Жалын», «Жазушы» баспаларынан жарық көріп жатты.

Сейсен поэзиясына тән жаңалық өлең құрылысы мен ой тереңдігінде жатыр. Мәселен:

Келін сүйген тамағына,  
ерініне тиіспейін,  
Елден келген баласың ғой,  
мандайыннан іскейін.  
Татып келдің туған жердің,  
дем-тұзын,  
Құшып келдің қызғалдағын,  
кыздарын,  
Көріп келдің аруақтай  
шалдарын,



Көріп келдің періштедей балдарын.  
Жақындашы маңдайыңнан іскейін, –  
«Туған жерді сағыну» аталатын өлеңінде ақын образды ой айтып, көркем сурет салады. Тағы бір өлеңінде:  
Сөкпегін мені сөкпегін,  
Серідей көрген серігін.  
Жетіспір жүр ғой деп не едің,  
Мен саған жаным,  
Өмірімнің өлі арасында жеткенмін.  
Тасып бір жүр ғой деп не едің,  
Шығармай жүрген жанымды.  
Төзімім ғой тек менің.

Ақын ойы, көңіл толғанысы осындай. Кеш келген махаббаттың қадірін өмірімен өлеңге өрнек еткен. Өлең құрылысында, үндестік гармония, жаңалық, елең еткізгілік тебіреніс байқалады.  
Тағы бір өлеңінде:  
Қаратаудың етегінен  
ағып жатыр ақ сағым,

Сылдырындай ақшаның,  
Ісіндей бақшаның.  
Ақ сағымға шомылғанда  
ақша қыз,  
Гүл жарады біздің сезім  
бақшамыз.

Иә, Сейсен өлеңінде ой қозғар, терең тебіренстер жетіп-артылады. «Замана», «Қаракұм», «Күн батып, таң аққанша», «Бекзат» поэмалары да ақынның алғашқы қалам сілтеген кезінен бастап эпикалық жанрларға төселіп, шире түскенін дәлелдейді. Мәселен «Замана» аталатын поэмасында Алатаудың ақиығы атанған әнші-жыршы Кенен Әзірбаевтың өмірі, өнері өзек болады.

Сейсен поэмаларының негізгі арқаулы өнер адамдары, замана тұлғасы атанған сұңғыла суреткерлер, суретші, тағы басқалар. Оған оның «Рембрант», «Махаббат апологиясы», «Винсент ван Гог» поэмалары мен «Қорқыт ата» дастаны. Оның бұл шығармалары қазақ поэ-

зиясына қосылған елеулі дүниелер ретінде танылған. Бұл тұрғыда белгілі әдебиет зерттеушісі Қ.Салғарин кезінде ортанды баға айтып, Сейсеннің «Қорқыт ата» дастанын поэзияның биік шыңы деп баға береді. Сейсен бүгінгі көзі ашық оқырманға тек ақын ретінде емес, тарихи ғұмырнаамалық тамаша туындылар жазған жазушы-шежіреші ретінде танылған. Атап айтар болсақ оның қазақтың ұлы суретшісі Қанапия Телжановтың өмірін арқау еткен «Атамекен» (1985 ж) аталатын зерттеу ғұмырнаамалық-тарихи хикаяты.

Сондай-ақ қазақтың ұлы тұлғаларының бірі Шоқан Уәлихановтың туғанына 150 жыл толуына байланысты зерттеп, жазған көлемді еңбегі «Шоқан және өнер» (1985 ж) кітабы. Еңбек Ері, Қазақтың белгілі қаламгері Ғабит Мүсіреповтің беташар тілегімен «Өнер» баспасынан 1985 жылы жарық көрген бұл кітаптың оқырманға берер тағылымы, тәрбиесі өрне өз алдына. Уақытында жоғарыдағы екі кітапта шығармашылық одақтар мен ғылыми мекемелер тарапынан оң бағасын алып, халқымыздың асыл қазыналарының біріне айналғаны мүлдем. Қазақ тарихындағы тұңғыш 12 томдық Қазақ Совет энциклопедиясындағы өнерге, қазақтың ою-өрнегіне, көне мұраларға қатысты дүниелердің барлығына да редакторлық жасап, көпшілігін өзі жазып, елдің игілігіне лайықты үлес қосқаны тағы да белгілі.

Сейсен бойына біткен қасиет соны ізге түсу, қиынға мойынсынып, содан нәтиже шығару еді. Шығармашылық жолында да ол осы қасиеттен айныған емес. Соның бірі соңғы жылдары тұтас ұлттымыздың азатты да азалы өткен ғасырын алдымызға жайып салатын «Кәмпеске» атты көптомдық тарихи-анықтамалық басылм. Ол осы еңбекті дайындау үстінде архив құжаттарын ақтарып, көз майын тауысып еңбек жасап бірінші томын шығарып үлгерді.

«Жалын» баспасының тапсыруымен жазылған көптомдық кітаптың Сейсеннің көзі тірісінде I ші томы ғана шығып, оқырманға тиді. Екіншісі жазылып, үшіншісінің мате-

риалдары сұрыпталып жазылып бітпеді. Атынан көрініп тұрғандай, бұл кітапта қазақ халқының отаршыл Ресей тарапынан жер-суға, мал-мүлікке, қала берді, рухани көмексеге душар еткен сол бір аласапыран уақыттың көмескі келбетінің пердесі ашылған.

Сейсеннің жан-жақтылығының тағы бір дәлелі ол 1970 жылдан бастап бірінші баспагерлік іспен шұғылданып, қазақ өнерінің тарихына қатысты иллюстрациялы өте күрделі басылымдарға сарапшылық жасап, бұл бағытта да керемет шаруалар тындырды. Өнер, өнердің мәні, ұлттық өнердің құдірет күші турасында мерзімді басылымдарда үзбей материалдар жазып жүрді.

Жалпы ақын Сейсен, азамат Сейсен жайлы, оның шығармалары туралы ұзақ айтуға болады. Әрбір поэзиялық шығармаларына, ғұмырнаамалық хикаяттарына талдау жасап, пікір бөлісудің өзі ұзақ сонар әңгіме желісіне жететіні аян. Бірақ біздің міндетіміз ол емес. Талантқа тағзым ете отырып, ақын-азаматтың туған жер перзенті болғандығынан шығармашылық жолына аздап барлау жасап, көпке таныстыруға ғана. Көзі қармақты, көңілі ояу оқырман қауымының осы әңгімеден соң Сейсен өлеңдеріне творчествосына тереңдей назар аударатынына, бағасын өздері беретініне мен де толық сенімдемін.

Сөз сонында айтарым үш бірдей Одақтың (Жазушылар, Журналистер, Суретшілер) мүшесі, тұнба таланттың иесі, тың тақырыптың түркіні салған ақын Сейсеннің атын кастерлеп, туған ауылындағы №208 (Кейден) мектепке есімін беру жөніндегі аудан зиялыларының ұсынысын жоғары жақ қолдап нәтиже шығарып жатса онда оны әдебиет пен өнерді кастерлейтін зиялы қауымның оң қадамы әрі Сейсен ақынға жасалған зор құрмет деп түсінер едім. Ақынның кастерлеген ел қашанда биікте тұрады хақ.

**Файзулла САХИЕВ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**одағының мүшесі,**  
**Жаңақорған ауданының**  
**Құрметті азаматы**

Мәдениет және ақпарат министрлігінің Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы 2017 жылы құрылған және еліміздегі, шетелдердегі тарихымызға қатысты көне жазба мұраларды жинаумен, сақтаумен, қалпына келтіріп, ғылыми айналымға қосумен айналысады.

Ұлттық орталықтың жалпы қордағы кітап саны 9 мыңға, оның ішінде аса құнды кітап саны 2 мыңға жуық. Қордың құнды кітаптарының 500-ден астамы XIX-XX ғасырларға жататын араб, парсы, түркі (шағатай, көне өзбек, татар) тілдеріндегі сирек кітаптар. Олар қолжазбалар, литографиялық кітаптар және типографиялық баспа кітаптары болып бөлінеді.

Қолжазбалардың ішінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» қолжазбасын атауға болады. Қолжазба XIX ғасырда қайта көшірілген нұсқасы. Литографиялық баспадан жарық көрген кітаптар да маңыздылығы жағынан кем түспейді. Олардың ішінде Суфи Аллаһардың «Мәслак әл-Муттакин», Бурхан-аддин Маргинанидің «әл-Хидайа фи шарх әл-бидайа», Убайдалах Ахмад әл-Махбубидің «Шарх әл-викайа», Физулидің «Диван» және т.б. кітаптары бар. Типографиялық баспа кітаптардың ішінде Шамсуддин Ахтаридің «Ахтар әл-Кабир», Ибн Халлиқанның «Вағфийат әл-айан» және Бедиль, Навои сияқты ақындардың өлеңдер жинақтары кездеседі.

Сонымен қатар, төте жазумен, латын графикасымен XX ғасырда басылып шыққан кітаптар, қазақ ағартушылары мен ғалымдарының, батыс және орыс зерттеушілерінің еңбектері, 1886-1915 жылдардағы Ақмола, Торғай, Сырдария, Орал, Семей облысы, Жетісу өңірі бойынша ауыл шаруашылығы, демография, мал шаруашылығы, т.б. саланы қамтитын статистикалық шолулар, шағын кітаптар коллекциясы және көне сөздіктер мен энциклопедиялар бар.

Ұлттық орталықта көне жазба мұраларды реставрациялау жұмыстары жоғары деңгейде дамып келе жатыр. Мамандар көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды тазалап, дезинфекция және дезинсекциялап, қалпына келтіреді, түптеу, консервация жұмыстарын атқарады. Реставрация және консервация зертханасының жұмысы 2018 жылғы 15 қарашадан бастау алады. Зертхана АҚШ, Ұлыбритания, Корея, Италия, Жапония, Германия сияқты мемлекеттерде жасалған озық технологиямен жабдықталды. Реставраторлар заманауи материалдарды пайдалана отырып, қағаз құжаттарға

## ЖАЗБА МҰРАЛАР – ҰЛТ ЖАДЫНЫҢ АЙНАСЫ



реставрация жұмыстарын жүргізеді. Мұнда қолданылатын материалдар да шетелдерден алынады.

Қазіргі таңда зертхана реставрация және консервация жұмыстарының толық циклын атқара алады. Мамандар Түркия, Ресей, Иран, Армения, Корея елдерінде тәжірибе алмасып, білім жетілдірді. Шетелден алған білімі мен тәжірибесін отандық әріптестермен де бөлісуде.

Осы бағытқа арналған «Қазақстандағы жазба мұралардың реставрациясы және сақтау мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік семинар жыл сайын өткізілуде. Семинарға елімізден және шетелдерден архив, кітапхана, музей саласының қызметкерлері қатысады. Сонымен қатар, сала мамандарына арналған реставрация бойынша біліктілікті арттыру курстары өткізіледі.

«Uly dala murasy» ғылыми журналы 2019 жылдан бері жарық көреді. Журналда Отанымыздың тарихы мен мәдениетіне қатысты бар көне жазба мұралардың, архив деректерінің қазір-

гі жай-күйін таразылау, сақтау және қалпына келтіру, оларды зерттеу-зертделу, жүйелеу, каталогтау, жариялау және ғылыми айналымға енгізу бойынша ғалымдардың, сала мамандарының мақалалары жарыққа шығады. Ұлттық орталықта дөңгелек үс-

сае ибн Али ибн Аби Талиб(а) қолымен жазылған (көшірген) VII ғасырдағы Құран қолжазбасы, Мәскеу қаласының Ресей мемлекеттік кітапханасының қолжазбалар қорынан Ибн Умар ат Тафтазани, Хамдаллах Мустауфи Казвини, Искандер-бек

таптар ұлттық орталығы оларды сақтаудың қаншалықты маңызды екенін ел арасында түсіндіру және қолжазбаларды жинау үшін бытыр Көкшетау, Түркістан, Жамбыл, Абай, Қызылорда, Павлодар, Қарағанды өңірлеріне археографиялық көне жазба мұраларды іздегісіне іссапарларын ұйымдастырды.

Нәтижесінде барлығы 300-ден аса көне қолжазба мен сирек кітап түпнұсқалары Ұлттық орталық қорына жинақталды. Хронологиялық шеңбері 18-20 ғасырлар аралығын қамтиды. Олардың ішінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» кітабының

Ұлттық орталықта көне жазба мұраларды реставрациялау жұмыстары жоғары деңгейде дамып келе жатыр. Мамандар көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды тазалап, дезинфекция және дезинсекциялап, қалпына келтіреді, түптеу, консервация жұмыстарын атқарады. Реставрация және консервация зертханасының жұмысы 2018 жылы 15 қарашадан бастау алады. Зертхана АҚШ, Ұлыбритания, Корея, Италия, Жапония, Германия сияқты мемлекеттерде жасалған озық технологиямен жабдықталды. Реставраторлар заманауи материалдарды пайдалана отырып, қағаз құжаттарға реставрация жұмыстарын жүргізеді. Мұнда қолданылатын материалдар да шетелдерден алынады.

Муншидің және Қазақ хандығының тарихына қатысты құнды деректері бар, XVII ғасырға жататын Шах Махмуд Чуростын тарихи қолжазбасының көшірмесі алынды. Стамбул қаласындағы Сулеймания кітапханасындағы іздегісіне зерттеу жұмыстары кезінде қазақ жерінен және Орта Азиядан шыққан ортағасырлық ғұламалар Әл Фарабидің (Китаб аль мадхаль ила сана аль Мусики, Таквим ас Сияса), Хибагулла Таразидің (Табсарагуль фи Усули Дин), Наджмуддин Насафидің (Аль Фаик филь Васайк), Аль-Исфиджабидің (Шарх Джамиа ас Сабир), Шамшетдин аль Курланидің (Аль-Кифайа Шерхил хидая), Хусам ад дин Сыгнақидің (Ат Тасдид фи Шархи Тамхид), Сағди ат Туркестанидің (Ат Рисалатул ала-и-е фил Мессалили Хасабие) және т.б. еңбектері анықталды.

Ұлттық орталық жер-жерден қолжазбалар мен сирек кітаптарды жинаумен айналысуда. Еліміздің әрбір аймағында жазба дүниелер тұрғылықты халықтың сандығында, шағында немесе сарайында сақтаулы. Сақталған көне жазбалардың жағдайы өте нашар, құрып кету алдында тұрғанын көресің. Халық бұл жазбалардың аз уақытта жоғалып кету қаупі бар екенін түсінуі қажет. Қолжазбалар және сирек кі-

бірнеше данасы, Бурхан ад Дин Наср ад Дин Рабузидің «Кысас әл-Әнбийя» литографиялық баспасының бірнеше нұсқасы, Сүлеймен Бақырғанидің «Бақырған кітабы», Софьи Аллаһар өлеңдерінің қолжазбасы және баспа нұсқасы, Физули мен Хафиздің өлеңдері, Шахаб ад Дин Марджанидің, Шамсуддин Сарахсидің, Садр аш-Шарианың құнды еңбектері, Ислам тарихына қатысты, шариғат жайындағы, араб, түркі грамматикасына қатысты кітаптар мен мұсылман күнтізбелері бар.

Ұлттың рухани мұраларын сақтау және болашақ ұрпаққа жеткізу – әрбіріміздің міндетіміз. Көне мұраларды ұлттық орталық өз деңгейінде сақтап қалу үшін көп жұмыс атқаруда. Ұлттық орталықтың бастамаларын қолдап, өз қолыңыздағы көне қолжазбалар мен сирек кітаптарды өткізіп, сақтап қалуға сіз де үлесіңізді қосыңыз.

**К.ПӘРІМБЕКОВА,**  
**Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының ғылыми-зерттеу бөлімінің башысы,**  
**А.БАЙМАҒАМБЕТОВА,**  
**ессепке алу, сақтау және көрме ұйымдастыру бөлімінің башысы**



Адамзат тарихында әр дәуірдің саналы ұрпағына жүктелер өз еншісі, өз жүгі, өз сабағы болады. Бір кезеңге төзім мен сабыр керек болса, енді біріне күрес пен қайғы-қасірет бұйырады. Ал үшінші бір дәуірге білім мен парасат жүктеледі. Заман мен уақыт ешқашан бір қалыпта тұрған емес. Сондықтан әр ұрпақ өз кезеңінің ауыртпалығын көтеріп, өз міндетін арқалап өтеді. Ақылды адам үшін уақыт – бірінің артынан бірі өте беретін жай күндер тізбегі емес. Ол адамды шыңдайды, ойын тереңдетеді, ал бұл екеуі өз кезегінде жауапкершілікті арттырады. Демек, әр дәуірдің өз қиындығы мен мүмкіндігі бар. Мәселе – соны танып, соған лайық бола білуде.

## ЕЛ СЕНІМІН АҚТАҒАН ОЙЛЫ АЗАМАТ

Өткен ғасырдың екінші жартысында дүниеге келген қазіргі аға буынағ тағдыр бір жағынан қиындық, екінші жағынан үлкен мүмкіндік сыйлады. Бұған дейін төңкерістер мен соғыстарды, аштық пен қуғын-сүргінді бастан кешкен қазақ халқының ғылым-білімге деген құштарлығы 1950-1960-жылдары өмірге келген буынның бойынан ерекше қарқынмен көрінді. Өндіріс пен шаруашылықты дамытқан да, ғылым мен мәдениетті өркендеткен де – бүгінгі ел ағалары.

Қазақ «Тектің текті туалды, тектілік тұқым қуады» дейді. Биыл жетпіс жасқа толып отырған Салхадин Мырзабекұлының өмір жолына көз жүгіртсек, осы нақылдың өміршеңдігін анық аңғаруға болады. Ол – адал еңбегімен ел құрметіне бөленген, әке тәлімін бойына сіңірген, тағдыр сынағына мойымаған, ел сенімін ақтаған азамат. Салхадин ағаның әкесі Мырзабек Оспанұлы 1906 жылы Торғай облысы Бұрғыз уезінің Тәуіп болысында дүниеге келген. 1925 жылы Сыр өңіріне қоныс аударып, Жалағаш ауданына қарасты Қазақстанның XX жылдығы атындағы колхозда (қазіргі Мырзабай ахун ауылы) еңбек жолын бастайды. Колхоздастыру кезеңінен бастап еңбек майданының алдында шебінде жүріп, бригадир, ферма менгерушісі, колхоз төрағасының орынбасары сияқты жауапты қызметтер атқарды. Кейін су шаруашылығы саласында ұзақ жыл еңбек етіп, «Еңбек озаты», «Су шаруашылығының үздігі», «Еңбек ардагері» атақтарына ие болды. Өкінішке қарай, елге тірек болған азаматтың ғұмыры ұзақ болмады. Мырзабек Оспанұлы 1970 жылы дүниеден өтті. Өкесінен ерте айырылу жас Салхадинге ауыр тиді. Бұл жағдай оны ерте есейтті, өмірге деген көзқарасын адымдастырды. Адал еңбек, жауапкершілік және елге қызмет ету сынды әке аманаты оның бүкіл өміріне жөн сілтер бағдар болды.

Салхадин ағамыз өкесінен ерте айырылып, балалық шағында анасы Сараштың мейіріміне бөленіп өседі. Анасы бар қиындықты қайсарлықпен еңсеріп, ұлының бойына адамгершілік пен еңбекқорлық қасиеттерін сіңірді. Сараш ананың ақыл-парасаты мен шексіз мейірімі Салхадиннің өмірде дұрыс жол табуына берік негіз қалады. Сонымен қатар оның апасы Патыманың да орны ерекше болды. Ол бауырмалдық танытып қана қоймай, әрдайым қамқор болып, жанашырлық көрсетті. Апасының жылы сөзі мен қолдауы оның жігерін жанып, болашағына сеніммен қарауына ықпал етті. Осындай өнегелі шаңырақта 1956 жылдың 4 сәуірінде дүниеге келген Салхадин жастайынан алғырлығымен, білімге құштарлығымен көзге түсті. Бір ауылда бірге өсіп, бір мектепте оқыған замандастары оның зеректігін жақсы біледі. Мектептегі физика пәнінің мұғалімі Түлкібек Қаражігітөвтің: «Қанша жыл ұстаз болсам да, физиканы Салхадиндей еркін талдап, терең түсінген оқушыны көрмедім» деген сөзі соның айғағы.

Шын мәнінде, жақсы әкенің тәлімі балаға өмірлік азық болады. Бірақ тектілік дегеніміз ата-бабаның мықтылығы ғана емес, бұл – сенің ішкі дүниесің, мінезің, қалыптасқан көзқарасың мен бағамың, соған орай жасаған іс-әрекетің. Бұл – қанның тазалығы ғана емес, жанның тазалығы. Бұл – жеті атаңды біліп, соны мақтаншып етуін емес, ар-ұятыңмен, ақыл-парасатыңмен солардың атына дақ салмау.

Еңбек жолын қарапайым жұмысыңдан бастаған Салхадин Мырзабекұлы Қазақ ауыл шаруашылығы институтын экономист-ұйымдастырушы мамандығы бойынша тәмамдап, кейін экономика ғылымының кандидаты атанды. Білім мен табандылықты қатар ұстаған азамат қай салада да нәтижелі еңбек етті. Сәкен тән қасиет – сөзінде жаттандылық болмайды. Ол әр мәселені дәлелмен, дәйекпен айтып, байыппен талдағанды қалайды. Шаруашылық жұмыстарында тәжірибе жинақтап үлгерген жас маманға 25 жасында «Жанадария» кеншарының бас экономисі қызметі ұсынылған кез-

де жақын ағайындарының бірі: «Абайла, сотталып кетесің, ол жер ешкімге абырой алып бермеген» деп ескерткені де бар. Шынында, ол кезде ауыл шаруашылығында қиындықтар мен алыпқашпа әңгімелер көп болатын. Мал шаруашылығындағы берекесіз тіршілік талай адамның тағдырына ауыр соққы болып тигені жасырын емес. Кеңестік қылмыстық кодекстің Сталин дәуірінен қалған қатал баптары мемлекет мүлкін талан-таражға салғандарды 8-15 жылға дейін айдауға немесе одан да ауыр жазаға тартатын. Соған қарамастан жас маман өз қызметін абыроймен атқарды. Әсіресе тоқырау жылдарында «Еңбек» совхозын басқарған кезеңі оның іскерлігі мен азаматтық жауапкершілігін айқын көрсетті. Жас та болса ауыл өндірісінде тәжірибе жинақтаған Салхадин Мырзабекұлы «Еңбек» кеншарының директорылығына тағайындалды. Бұл сол кезеңдегі үлкен номенклатуралық қызмет еді. Жоғарғы органдардың келісімімен кейін оны облыс әкімі Сейілбек Шаухаманов қабылдайды.

– Қанша перзентің бар? – деп сұрайды облыс басшысы.

– Бес ұл-қызым бар, – дейді ол.

– Дұрыс екен. Ендеше ел үшін ештеңе алаңдамай қызмет істейтін уақытың келіпті. Іске сәт!

Жас директор облыс әкімінің кабинетінен ерекше жігерленіп шыққанын кейін жиі еске алады. Экономика әлсіреп, шаруашылықтар тарай бастаған қиын кезеңде ол салқынданды шешімдер қабылдап, ұжымды сақтап қалуға бар күшін салды. Директорлық қызметтен кеткен кезде шаруашылықта 1500 ірі қара, 300 жылқы, 1000 қой толық сақталып, кейінгі иелеріне ешқандай қарызыз тапсырылды. Бұл – қиын кезеңде ел мүлкін талан-таражға салмай, жауапкершілікті мойнына ала білген бастының нәтижелі ісі.

Жаңақорған ауданының әкімі қызметіне келген тұсы ел үшін ең ауыр кезеңдердің бірі болатын. Айлап берілмеген еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы халықтың тұрмысын тұралатып жіберген еді. Осындай жағдайда Салхадин Мырзабекұлы батыл шешімдер қабылдады. Кейде еңбекақы орнына күріш, мал, техника беруге дейін баруға тура келді. Мал мен техниканы халықтың өз меншігіне таратып беру жөніндегі бастамасы кейін Жаңақорғанда шағын және орта бизнестің дамуына жол ашып, аудан экономикасының өн-сесін тіктеуіне негіз болды. Сол жылдары «Жаңақорған шипажайының» жұмысын жандандыруға да ерекше көңіл бөлінді. Табиғи емдік қасиеті бар бұл орын қайта тыныс алып, инфрақұрылымы жақсарып, ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға қызмет етті. Кейін Салхадин Мырзабекұлы облыс көлемінде әлеуметтік салада жиырма жылдан астам уақыт басшылық қызмет атқарып, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау салаларының жүйелі дамуына үлкен үлес қосты. Әлеуметтік саясаттың ең күрделі кезеңдерінде жауапкершілікті мойнына алып, ел мүддесін бәрінен биік қоя білді. Осы саладағы ұзақ жылғы жемісті еңбегінің нәтижесінде абыроймен зейнетке шықты.

Салхадин Мырзабекұлы еңбек жолында өзіне бағыт-бағдар беріп, басқарушылық тұрғыдан шыңдалуына ықпал еткен аға буын азаматтарды әрдайым ерекше құрметпен еске алады: – Менің қызмет жолымда Сейілбек Шаухаманов, Қонысбек Қазантаев, Сәмит Далдабаев, Бердібек Сапарбаев, Садық Әлиев, Ойын Ысқақов сынды ел ағаларының еңбегі зор болды. Олардың ақыл-кеңесін тыңдап, тәжірибесін үлгі етіп өстім. Нағыз басың болу үшін тек білім емес, елге деген жанашырлық пен жауапкершілік қажет екенін сол кісілерден үйрендім, – дейді Салхадин аға.

Салхадин Мырзабекұлының болмысын замандастары «ойлы азамат» деп сипаттайды. Бұл баға кездейсоқ айтылмаған. Жалағаш ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Шыңғыс Айбосынов аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінде жарияланған естелігінде:

«Біздің Салхадин – ойлы азамат қой» деген сөзді осыдан қырық жыл бұрын «Жанадария» совхозының партком хатшысы Жолдас Жармахановтан естігенім жазды. Арада қаншама жыл өтсе де, сол бір ауыз сөздің шынайылығына уақыттың өзі дәлел болғанын айтады. Расында да, қай қызметте болсын байыппен ойлап, салмақты шешім қабылдайтын, бекзат болмысынан айнымайтын тұлғаға бұл анықтама әбден лайық. Салхадин сол ойшылдығымен әрдайым барлығын ақыл безбеніне салды, реті келгенде төмен сырғыды, кей тұста саясат әлеміндегі субординация атаулыны да ұмытпады, бірақ жасық, жігерсіз болмады, ар-ождан-ның ешкімге тапталмады.

Адам ең алдымен өзімен ішкі келісімде өмір сүруі керек. Бұндай кісілердің үш тірегі болады, қал – ар мен намыс, пайым-парасат, қайрат-жігер. Ар өз тіршілігінде іштей бағамдауы, парасат бағытында түзеуі, қайрат ойға алғанды жүзеге асыру үшін керек. Бұл үшеуіне ынты-ықпалды да қосуға болады. Арсыз парасат – айла, парасатсыз қайрат – тасырлық, ал қайратсыз ар – дәлменсіздік. Салхадинді қатарластарынан ерекшелендіретін тамырындағы тектілік пен жоғарыдағы төрт қасиет деп білемін.

Мемлекет оның еңбегін жоғары бағалап, 2006 жылы «Құрмет» орденімен, сондай-ақ «Әлеуметтік еңбек саласының үздігі» төсбелгісімен марапаттады. Жалағаш пен Жаңақорған аудандарының құрметті азаматы атануы – ел ықыласының айқын көрінісі. Тағы бір айта кетерлік дүние бар. Сақ-кең Жалағаш ауданының «Еңбек» ауылындағы шаруашылықты басқарған кезде 1995 жылы «Алтын күздің» қорытындысымен облыс бойынша үздіктер қатарынан көрініп, екінші орын алған. Сонымен қатар Жаңақорған ауданының әкімі болған уақытта 1997 жылы «Алтын күздің» қорытындысымен үшінші орын алып, атқарған жұмысының нәтижесін көрсеткен.

Өмірлік серігі Рысқұл Досмайлыққызы – ұзақ жыл ұстаздық еткен, отбасының берекесін ұстап отырған парасатты ана. Екеуі бес ұл тәрбиелеп, ұрпақ өрбітіп отырған бақытты ата-әже. Үлкен ұлы Сәкен – облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы, Марат – облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасында басшының орынбасары, Жомарт – «Құмкөл» мұнай кенішінде инженер. Қалған ұлдары да өз саласында табысты еңбек етіп, ел дамуына үлес қосуда. Бұл – әке көрген тәрбиенің, шаңырақтағы бірлік пен еңбекқорлықтың жемісі.

Сәкен зейнетке шықса да, қоғамдық жұмыстардан шет қалған емес. Қызылорда қалалық қоғамдық кеңесінің экономика, бюджет және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комиссия төрағасы ретінде қала өміріндегі өзекті мәселелерді көтеріп, нақты ұсыныстар айтып келеді. Қай қызметте жүрсе де қарапайым қалпынан айнымаған, елмен етене араласқан азамат. Ағайынның қуанышы мен қайғысын бөлісіп, алжауыздарға қол ұшын созуды өмірлік ұстанымына айналдырған жан.

Биыл Салхадин Мырзабекұлы 70 жасқа толып отыр. Бұл – ғұмырдың келесі шағы, елге сіңген еңбектің бағаланар кезеңі. Оның өмір жолы – кәліпті буынға үлгі, азаматтық пен адалдықтың айқын көрінісі.

Елүлінің жылдардың орта шенінде өмірге келген ол екі ғасырды, екі қоғамды көрді. Социалистік идеямен өмір сүрді, еңбек етті, тәуелсіздік тұғырын да бекітті. Осы екі арадағы оларға шақ, өтпелі кезеңде елді ауыр жағдайдан алып шыққан да осы аға буын. Олар ұлттың бергі тарихындағы кез келген өзгеріске тез бейімделді, сонымен бірге көп жайды бастан өткізді. Қай-қайсысы болмасын, қандай жағдайда да өз ерекшелігін сақтап, бірегей болып қала берді. Ең бастысы, өкшесін басып келе жатқан біздің қатарластарымыздан бастап келесі буынның бойына ізгілік шуағын шашатын сәуле қалдырды.

**Қазтай ӘБДІРПЕЕВ,**  
салық саласының үздігі,  
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің  
құрметті профессоры

Сыр елінің ардақты азаматы, білім саласының ардагері, өнегелі әулеттің ақылшысы, отбасының тірегі, перзенттерінің қамқоршысы әрі қолдаушысы, немерелерінің сүйікті атасы, ағайын-туыс, жақын-жуықтың жанашыры, құда-жекжаттың сыйлысы болған асыл ағамыз, қимас бауырымыз Көпбаев Қалмырза Мәселбекұлы қасиетті Рамазан айының жұма күні 78 жасында өмірден өтті.



## ЖАҚЫН-ЖУЫҚТЫҢ ЖАНАШЫРЫ ЕДІ

Жақын адамдар Қалекенді жоқтап, ертегі-кеш, күндіз-түні «бауырымдап» келіп жатыр. Өзі жайсыз хабар естіген бойда қайғылы жерге барып, көңілін білдіретін. Қайғылы қазаға жұбату айту үшін жан-жақтан ағылған жұртшылыққа алғысымыз шексіз.

Текті әулеттің ұрпағы Көпбаев Қалмырза 1948 жылы Қызылорда қаласында дәулетті отбасында дүниеге келген. С.Сейфуллин атындағы №4 мектепті бітіріп, сол жылы қаладағы Н.Гоголь атындағы пединституттың филология факультетінің «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнін оқытушысы мамандығына оқуға түсті. Гүлнармен бас қосып, оқуын тәмамдады. Еңбек жолын Қызылорда қаласындағы №3 кешкі орта мектебінде мұғалім болып бастайды.

Дана халқымыз «Асыл туған адамның баға жетпес қадір-қасиеті бар» деп бекер айтпаған. Ағайын дене бітімі ерекше, орта бойлы, тұлғасы сымбатты, сәнді, жарасымды киінетін. Жаратылысы бөлек, жаны жайсаң, кісілігі, парасаттылығы, тектілігі сезіліп, көзінен мейірім төгіліп тұратын.

Білікті ұстаз қарапайым, кішіпейіл, сабырлы, дауыс көтерімейтін сыпайы, байсалды еді. Әр шешімді сарапал қарауды өмірлік қағидасына айналдырды. Қазаққа «Күнің барда күліп жүр» дегендей ағамыз ешкімге кек сақтамайтын, ренжімейтін, аламайтын таза ойлы, қанағатшыл, кісі туралы келесіз сөз айтуды қаламайтын да, тындамайтын да, үлкеннің де, кішінің де тілін таба білетін. Жас ұрпаққа білім нәрін құйып, өнегелі етіп тәрбиелеуге қолмақты үлесін қосты. Әріптестер арасында лайықты бедел мен абыройға ие болды.

Үш жылдан кейін оның қызметі жоғарылап қаладағы Ворошилов атындағы №3 орта мектептің оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары болып ауыстырылды. Тынымсыз еңбек ете жүріп білім-біліктілігімен, жоғары мәдениетімен, әділдігімен әр іске жауапкершілікпен қарап, әріптестерінің, шәкірттерінің құрмет-сыйына бөленді. Сол кездегі мектеп оқушылары, қазіргі орта жастағы шәкірттері бұл күндері ұстазын ерекше еске алады. Мектептің жоғары сынып оқушылары бір-бірімен тіл табыса алмай келісіп қалса, екі жақты тыңдап, тез арада келістіретін. Осыдан кейін оқушылар ағай келе жатса үнсіз отырып, өзара татуласуды әдетке айналдырады. Тез арада екі жақ шегініп, келісімге келеді екен. Жайғайып, не деген дипломатиялық шешім!

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдары Көпбаев Қалмырза ағамыз отанасы Серікбаева

Гүлнармен Астана қаласына қоныс аударды. Бірге Л.Гумилев университетінде еңбек жолын жалғастырды. Бастапқыда екеуі ұстаздық қызметке қабылданды. Кейін Қалекен университетінің тәрбие және шаруашылық саласының орынбасары лауазымына тағайындалып, абыройлы қызмет атқарды. Түлектерге сапалы білім, саналы тәрбие берумен қатар сүйікті жары Гүлнармен бірге өз балалары мен немерелерін білім алуға, еңбекке баулыды. Балалары ер жетіп, еліміздің түрлі жоғары оқу орындарында алған мамандықтарымен әр салада әке салған даңғыл жолмен жүріп, халыққа адал қызмет жасауда.

Ағамыз ғибратты ғұмырында артында өшпес із қалдырды. Жемісті еңбек жасап, бейнеттің зейнетін де көрді. Өз ортасында қадірменді болды. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Берекесі, бірлігі, татулығы мол құда-құдағи тауып, немере сүйді. Оның атқарған еңбегі лайықты бағасын алды. Білім министрлігі, облыстық, қалалық білім басқармасы тарапынан Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттармен марапатталды.

Әулеттің ардақты тұлғасына айналған Қалмырза ағайдың мерейін асқақтатқан Құдай қосқан қосағы Гүлнар екені айтпаса да түсінікті. Екеуі ынтымағы жарасқан отбасын құрып, бір шаңырақ астында мағналы ғұмыр кешіп, дүниеге ұл мен қыз әкеліп, өнегелі тәрбиесін берді. Артында үлгілі ұрпағы барда, Қалекеннің есімі ұмытылмақ емес.

Амал бар ма, осындай асылымыз бүгінде ортамызда жоқтығы жанымызға батады. Қайтеміз қолдан келер шара бар ма?

Міне, әп-сәтте қымбатты асылымыздан айырылғанымызға да 40 күндей уақыт өтті. Абзал жанның көз алдымыздағы бейнесі көңіліміздің төріне көшті. Уақыт өткен сайын біздің оған деген сағынышымыз арта түскендей болады, ансаймыз, іздейміз. Тағдырдың ісіне амалымыз бар ма? «Жазмыштан озмыш жоқ» дегендей, ардақты ағамыз Көпбаев Қалмырза Мәселбекұлының қырық күндік асы осы жылдың 6 сәуір күні түскі сағат 13.00-де Қызылорда қаласы Саламатов көшесіндегі 15 б мекенжайында орналасқан «AL Quab» мейрамханасында өтетінін барша ағайын-туыс, бауырлар, құда-жекжат, көршілер, жолдастары мен әріптестеріне хабарлаймыз. Жатқан жері жарық, мәңгілік мекені жұмақ болсын.

Сағынып ағаны жылдаймыз, Бермесің Алла уайым. Артында қалған ұл-қызға, Амандық берсін Құдайым.

**Әлмағанбет ТАҢСЫҚБАЕВ**



## БІЛІМНІҢ ЖАҚҚАН ШЫРАҒЫН

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі қалалық мәдениет бөлімінің қолдауымен 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күнін ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің 185 жылдығымен бірге атап өтті. «Ертегімен есейем» жобасы аясында «Білімнің жаққан шырағын» атты қалалық көркемсөз және сахналық қойылым байқауын ұйымдастырды.

Негізгі мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Сайысты Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айдын Қайруллаев ашты. Оған қала аумағынан бес мектептің 5-сынып оқушылары қатысып, бақ сынады. Байқауға оқушылар сақадай сай, жоғары дайындықпен келген. Олар «Ғибратты әңгімелер» атты бірінші кезеңде Ы.Алтынсариннің әңгімелерінен сахналық көрініс берітті. Екінші кезеңде ағартушының жырларын жатқа мәнерлеп оқыды.

Аталған жарысқа «Қоғам ТВ» телеарнасының шеф редакторы Баян Құлтанова, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың әдіскері Венера Жұбанязова, қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар мекемесінің көркемдік жетекшісі Ұлықбек Бекұзақұлы төрелік етіп, шын жүйріктерді анықтады. Әділқазылар оқушылардың мәнерлеп оқуына, сөйлеу мәнеріне, актерлік шеберлігіне, таңдап

айналған шығарманың мазмұнына ерекше мән берді.

Екі кезеңнің нәтижесі бойынша бас жүлдені Н.Лиясов атындағы №9 мектеп-гимназиясының оқушылары жеңіп алды. I дәрежелі дипломды С.Лапин атындағы №261 орта мектебі, II дәрежелі дипломды Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицей иеленді. III дәрежелі диплом Б.Ермекбаев атындағы №271 орта мектебі мен Б.Момынбаев атындағы №278 ІТ мектебіне бұйырды.

Сонымен қатар «Көрермен көзайымы» номинациясымен Жанайым Ерболат, «Жас талант» номинациясымен Балнұр Құрманғазы, «Ең белсенді қатысушы» номинациясымен Мағжан Іскендір марапатталды. Ұйымдастырушылардың еңбегі айқын көрініп, шара мазмұны балалардың жас ерекшелігіне сай, тартымды әрі тәрбиелік мәнге толы болды.

Осындай игі бастамалар өскелең ұрпақты кітап оқуға баулуға маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

**«СБ» ақпарат**



///ЕРТЕҢ – ГЕОЛОГ КҮНІ

## ЖЕР ҚОЙНАУЫНАН ҚАЗЫНА ІЗДЕГЕН

Сыр өңіріндегі геология саласының тарихы терең. 1927 жылы ел астанасы Қызылордада Қазақстандағы алғашқы геологиялық орган – ҚазАКСР Үкіметі жанындағы КСРО Геология комитетінің өкілі ашылған. Ал 1928 жылы академик И.Губкин Аралдың теріскей-шығысындағы Оңтүстік Торғай иінінде мұнай қоры болуы мүмкін екенін алғаш болжаған. Кейін бұл өңірде бұрғылау, барлау, зерттеу жұмыстары қарқын алып, жер қойнауын игерудегі маңызды аймаққа айналды.

Бүгінде сол дәстүр жалғасып, геология саласын таңдаған жастардың қатары артып келеді. Солардың бірі – жас маман Эльдар Балретдинов. Оның айтуынша, бұл мамандыққа келуіне қызығушылық пен отбасы кеңесі себеп болған.

– Мамандық таңдағанда көп ойландым. Әкемнен ақылдаса келе геология саласын таңдадым. Кейін осы бағытқа түскен соң, оның өте қызық мамандық екенін түсіндім. Алғашқы күндерден-ақ бұл саланы жақсы көріп кеттім, – дейді ол.

Геология – тек дәрісханадағы біліммен шектелмейтін сала. Бұл мамандықтың шынайы бейнесі дала жағдайында, зерттеу сапарларында, табиғатпен бетпе-бет келген сәтте

ашылады. Жас маманның айтуынша, алғашқы тәжірибелік сапарлар оның бұл кәсіпке деген көзқарасын мүлде өзгерткен.

– Қаратаудағы алғашқы тәжірибелік сапар мен үшін үлкен мектеп болды. Бір апта бойы шатырда тұрдық. Бұған дейін ондай өмір салтына үйренбеген едім. Бірақ дәл сондай сәттер адамды шынайы екен, – дейді ол.

Эльдардың жадында қалған сапарлардың бірі – Қырғызстандағы Ыстықкөл өңіріне жасалған зерттеу жұмысы. Таулы аймақ, ұзақ жол, аптап ыстық – мұның бәрі геолог мамандығының сырт көзге байқала бермейтін қырын көрсеткен. Оның сөзінше, бұл саланың ең күрделі тұстарының бірі – дала жағдайына және үйден жырақта жүруге бейімделу. Дегенмен, дәл осы қиындықтар маманның мінезін қалыптастырады.

Қазіргі геология бұрынғыдай тек балға мен далалық дөптерге сүйенетін сала емес. Бүгінде геолог мамандар жер қойнауын зерттеуде дрондар, спутниктік түсірілімдер, 3D-картография, геокарпаттық жүйелер (GIS) мен сандық модельдеу секілді озық технологияларды кеңінен пайдаланады. Бұл құралдар пайдаланып қазбалардың орналасуын дәл

болжауға, жер бедерін жан-жақты талдауға және қауіпті аймақтарды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллект те геология саласына бағытталып, мыңдаған геологиялық деректерді саралап, кен орындарының ықтимал нүктелерін анықтауға үлкен рөл атқарып отыр.

Қазір нейрожелілер мен машиналық оқыту әдістері арқылы бұрын еленбей келген жерасты құрылымдары мен геохимиялық заңдылықтарды табу әлдеқайда жеңілдеді. Мәселен, арнайы алгоритмдер спутниктен немесе сейсмикалық барлау нәтижелерінен алынған деректерді жылдам өңдеп, геологтарға нақты шешім қабылдауға көмектеседі. Соның арқасында уақыт та үнемделеді, қаржы да аз жұмсалады. Алайда техника қанша жерден дамыса да, даланың желі мен шөліне тәзіл, тау мен тасты жаяу кезетін геологтың көзі мен тәжірибесін ешбір құрылғы алмастыра алмайды. Өйткені жердің тынысын сезіну, мінезін тану, табиғаттың астарлы белгісін байқау әлі де адам зердесі мен кәсіби түйсікті қажет етеді. Сондықтан бүгінгі геология – технология мен табандылық, цифрлық

дәлдік пен далалық төзім тоғысқан заманауи ғылым саласы.

Аймақта геология саласының дамуына жоғары оқу орындарының да үлесі зор. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде 2018 жылдан бері «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау», «Тау-кен ісі» бағыттары бойынша мамандар даярланып келеді. Қазір бұл салада күндізгі бөлімде 129 білім алушы оқиды, ал 76 студент қашықтан білім алуға. Билтыр бұл бағытқа 40 талапкер қабылданды. Университеттің өндіріс орындарымен байланысы да мықты. Студенттер тұрлы мұнай-газ және тау-кен мекемелерінде тәжірибеден өтіп, болашақ мамандығымен ерте танысады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті инженерингтік технологиялар кафедрасы білім беру бағдарламасының жетекшісі Нұржан Сүлейменовтің айтуынша, қазіргі басты міндет – жас маманды тек теориямен емес, нақты өндірістік ортамен ұштастыра даярлау.

– Заманауи геология саласы бәсекеге қабілетті мамандарды қажет етеді. Сондықтан біз білім алушыларды тәжірибе арқылы шыңдауға ерекше мән береміз, – дейді ол.

Геолог болу – жай ғана кәсіп таңдау емес, төзімді, табанды, ізденімпаз жандардың жолы. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін бұл мамандық ел байлығын таппы, оны игілікке айналдыруда айрықша орын алады.

Бағлан АЙҒАЛПУЛЫ,  
«Сыр бойы»

### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылдың 12 мамыры күні сағат 12:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев №8 мекенжайында «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Қызылорда кен орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар: Жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 45.050345° с.е., 64.980470° ш.б.

Учаскенің географиялық координаттары (бойлық және ендік): 46.4643062° с.е., 64.9964586° ш.б.

Zoomконференция: <https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDhWdPXlrlhHLY962uEJAJjLLBCv60.1&omn=81975636208>

Конференция идентификаторы: 679 067 4661.

Кіру коды: 76ерза.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz> және жао веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz), Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ [kazinzhekoproekt@mail.ru](mailto:kazinzhekoproekt@mail.ru) электрондық поштада қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және <http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz> сайтында беріледі.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ БСН 940540000210. Занды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №13.

Жоба құрастырушы: «Казинжекопроект» ЖШС, БСН 250840016005. Занды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Беріг ана көшесі, №12/33. Тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: [kazinzhekoproekt@mail.ru](mailto:kazinzhekoproekt@mail.ru).

### ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» в соответствии с требованиями статьи 96 экологического кодекса Республики Казахстан сообщает, что 12 мая 2026 года в 12:00 по адресу: Кызылординская область, Сырдарынский район, Теренөзекский с.о., с.Теренөзек, Қонаев №8, состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Кызылқия» АО «Петро Казакстан Құмкөл Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды, РООС».

Географические координаты территории воздействия - 45.050345, 64.980470.

Географические координаты участка (долгота и широта) - 46.4643062, 64.9964586.

Zoomконференция: <https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDhWdPXlrlhHLY962uEJAJjLLBCv60.1&omn=81975636208>

Идентификатор конференции: 679 067 4661.

Код доступа: 76ерза.

Ссылка на единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz> и сайт mio <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz), г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также по электронной почте: [kazinzhekoproekt@mail.ru](mailto:kazinzhekoproekt@mail.ru).

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания будут проводиться в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и сайте <http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz>.

Инициатор намечаемой деятельности: АО "Петро Казакстан Құмкөл Ресорсиз" БИН 940540000210. Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Кызылорда, ул. Казыбек Би, 13.

Разработчик: ТОО «Казинжекопроект» БИН 250840016005. Юридический адрес: РК, г.Кызылорда, ул.Беріг Ана, д. 12, офис 33, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: [kazinzhekoproekt@mail.ru](mailto:kazinzhekoproekt@mail.ru)

### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 96-бабына сәйкес 2026 жылдың 12 мамыры күні сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, М.Шаменов №74 мекенжайында «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ «Арысқұл» кен орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар: Жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі) бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттары 46.4261 с.ш; 64.6882 в.д.

Учаскенің географиялық координаттары (бойлық және ендік) - 46.4261 с.е.; 64.6882 ш.б.

Zoomконференция: <https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDhWdPXlrlhHLY962uEJAJjLLBCv60.1&omn=82992980821>

Конференция идентификаторы: 679 067 4661.

Кіру коды: 76ерза.

Бірыңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz> және жао веб-сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz), Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ [kazinzhekoproekt@mail.ru](mailto:kazinzhekoproekt@mail.ru) электрондық поштада қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда және <http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz> сайтында беріледі.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ БСН 940540000210. Занды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №13.

Жоба құрастырушы: «Казинжекопроект» ЖШС, БСН 250840016005. Занды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Беріг ана көшесі, №12/33. Тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: [kazinzhekoproekt@mail.ru](mailto:kazinzhekoproekt@mail.ru).

### ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз» в соответствии с требованиями статьи 96 экологического кодекса Республики Казахстан, сообщает, что 12 мая 2026 года в 10:00 по адресу: Кызылординская область, Жалағашский район, пос.Жалағаш, ул.М.Шаменов №74 состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Арысқұл» АО «Петро Казакстан Құмкөл Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды, РООС».

Географические координаты территории воздействия - 46.4261 с.ш; 64.6882 в.д.

Географические координаты участка (долгота и широта) - 46.4261 с.ш; 64.6882 в.д.

Zoomконференция: <https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDhWdPXlrlhHLY962uEJAJjLLBCv60.1&omn=82992980821>

Идентификатор конференции: 679 067 4661.

Код доступа: 76ерза.

Ссылка на единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz> и сайт mio <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz), г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале, а также по электронной почте: [kazinzhekoproekt@mail.ru](mailto:kazinzhekoproekt@mail.ru).

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания будут проводиться в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и сайте <http://tabigat.e-kyzylorda.gov.kz>.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «ПетроКазакстан Құмкөл Ресорсиз», БИН 940540000210. Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Кызылорда, ул. Казыбек Би, 13.

Разработчик: ТОО «Казинжекопроект», БИН 250840016005. Юридический адрес: РК, г.Кызылорда, ул.Беріг Ана, д. 12, офис 33, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: [kazinzhekoproekt@mail.ru](mailto:kazinzhekoproekt@mail.ru)

### Хабарландыру

«Кристалл Менеджмент» АҚ 12.05.2026 жылы сағат 16:00-де Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан к-сі, 7 мекенжайы бойынша Мәдениет үйі ғимаратында келесі жобалар бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлаймыз:

1. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында өнеркәсіптік пайдалану кезеңінде Сұлутабан кен орнының КМ-8, КМ-21-1, КМ-8\_2 ұңғымаларын жайластыру» КМ-8\_1, С-1, С-2, С-3, С-4, С-5, С-6, С-7, С-8, С-9 ұңғымаларын толықтыра отырып түзету» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі.

Әсер ету аймағы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы. Географиялық координаты ш.е. 611853,5 с.б. 5166917,5.

Жобалық құжаттама пакетімен бинформациялық желіде, сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар информациялық желіде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады есорportal. kz, сонымен қатар эл. мекен-жайы: [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz)

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техникалық сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/85308465826?pwd=VykpupVLrBa3HalOYcYU5tdN4tnNzwl>

Конференция идентификаторы: 853 0846 5826. Кіру коды: 5bbwVA

Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Қызылорда қаласы, Тауке хан көшесі 3, байланыс тел.: 8 (777) 499 1734, 8(7242) 23-67-35, [ansp@bk.ru](mailto:ansp@bk.ru)

Белгіленген кызметтің бастамашысы: «Кристалл Менеджмент» АҚ Алматы қ., Чайковский көшесі, 95. Тел.: +77013621320, БИН 071240002008. Эл.адрес: [A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ](mailto:A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ)

Жобаны дайындаушы: «АртНефтСтройПроект» ЖШС, Қызылорда қаласы, Тауке хан көшесі, 3. Тел.: 8 (777) 499 1734; 8 (7242) 23-67-35. Эл.адрес: [ansp@bk.ru](mailto:ansp@bk.ru)

### Объявление

Акционерное общество «Кристалл Менеджмент» сообщает что 12.05.2026 года 16:00 часов по адресу Кызылординская область, Жалағашский район, пос.Жалағаш, ул.Желтоқсан 7, в здании дом культуры состоится общественные слушания в форме открытого собрания по объекту:

1. Раздел охраны окружающей среды к рабочему проекту «Обустройство скважин КМ-8, КМ-21-1, КМ-8\_2 месторождения «Сулутабан» на период промышленной эксплуатации в Жалағашском районе Кызылординской области». Корректировка с дополнением скважин КМ-8\_1, С-1, С-2, С-3, С-4, С-5, С-6, С-7, С-8, С-9».

Территория воздействия Кызылординская область Жалағашский район. Географические координаты в.д. 611853,5 с.д. 5166917,5

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационном сайте, а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на информационном сайте, а также на эл. адрес - [prd@korda.gov.kz](mailto:prd@korda.gov.kz)

В случае введения чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и технического характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка:

<https://us05web.zoom.us/j/85308465826?pwd=VykpupVLrBa3HalOYcYU5tdN4tnNzwl>

Идентификатор конференции: 853 0846 5826. Код доступа: 5bbwVA

Дополнительную информация можно получить по адресу г.Кызылорда, ул.Тауке хана, 3, тел.: 8 (777) 499 1734, 8(7242)23-67-35, [ansp@bk.ru](mailto:ansp@bk.ru)

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Кристалл Менеджмент», г. Алматы, ул. Чайковского, 95. Тел.: +77013621320. БИН 071240002008. Эл.адрес: [A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ](mailto:A.INOZEMTSEV@CRYSTAL-MANAGEMENT.KZ)

Разработчик проекта: ТОО «АртНефтСтройПроект», г.Кызылорда, ул.Тауке хан, 3. Тел.: 8 (777) 499 1734, 8(7242)23-67-35. Эл.адрес: [ansp@bk.ru](mailto:ansp@bk.ru)

[www.facebook.com/syrboyi.kz/](https://www.facebook.com/syrboyi.kz/)